**Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет аудандық білім бөлімінің «Дүйсенғали Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша**

## Қорытынды

Казакстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, ҚР Оқу ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы және мектеп директорының 2023 жылғы 12 желтоқсан №176» бұйрығы негізінде 2023 жылдың 20 желтоқсан мен 2024 жылдың 31 қаңтары аралығында аталған мектептің өзін-өзі бағалау өткізіп, лицензияда көрсетілген білім беру қызметіне қойылатын талаптар және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша орындалуы, сондай-ақ білім ұйымындағы тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру барысына өзін-өзі бағалауды Өзін-өзі аттестаттаудың басты бағыты: ҚР Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру деңгейлері стандарттары талаптарының орындалуы,соның ішінде;

1) оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарға;
2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
3) білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) дайындық деңгейіне;
4) оқу мерзіміне сәйкестігі талдау жолымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының сақталуы, мектепішілік басшылық пен бақылауды жүзеге асыру, мектептегі педагогикалық процесс жөнінде нақты мәлімет алу, және мектептегі жұмыс жоспарының сәйкестігі мен орындалу барысын анықталды.

**Тексеру нысаны:** «Дүйсенғали Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Мекен-жайы:** Атырау облысы Махамбет ауданы Махамбет ауылы Шұғыла м/а Қазбек би көшесі 40А телефон 87123679370
e-mail: d_tulenov_ma@mail.ru

**Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

«Д.Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Мекен-жайы: Махамбет ауылы, Шұғыла мөлтек ауданы Қазбек би көшесі 40А

**Заңды тұлғаның байланыс деректері:** e-mail: d_tulenov_ma@mail.ru

**Мектеп сайты:** https://duysengaly-tolenov-mg.edugov.kz/kz/

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері**: Идркенова Талшын Габитовна, 07.02.2024 жыл №23 бұйрық

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:** Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасының 29.01.2024 жылғы №14 бұйрығы негізінде Ережесі бекітілді.

**Заңды тұлғаны қайта тіркеу анықтама тіркелді, алынған күні: 06.02.2024 БИН 970640000646**

**Рұхсат беру құжаттары**:

1. Лицензия KZ55LAA00036168 берілген күні: 16.02.2024
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама KZ12RVK00056628 алған күні: 27.02.2024

Білім беру ұйымы Атырау облысы әкімдігінің 23 қаңтар 2024 жылғы №17 Қаулысы негізінде «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Дүйсенғали Төленов атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы «Атырау облысы Білім беру басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Дүйсенғали Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертіліп, мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді.

Бірнеше жылдан 1938 жылы пайдалануға берілген апатты жағдайдағы ғимаратта орналасқан білім мекемесі 2024 жылдың 1 қыркүйегінде Махамбет ауылындағы 600 орындық жаңа ғимаратқа орналасты.

**Жер учаскесіне арналған акт** №2023-598716;

**Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі**-04:065:002:2347;

**Жер учаскесінің алаңы** 4.0000га

**Берілу негізі:** «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 19.12.2023 жылғы №119 «Құрылысы аяқталған нысанды мүлкімен бірге беру туралы» бұйрығы

Мектептің іс әрекеті Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Жалпыға міндетті білім беру стандартының, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы, мектеп Жарғысына және басқа да құқықтық нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асады.

Өзін-өзі аттестаттау барысында мектептің білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін материалдық, материалдық емес активтерді растайтын құжаттар тексерілді.

***I. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары***

1. 2021-2022,2022-2023.2023-2024 оқу жылдарында МАД «А» және МАД «Б» сыныбы құрылды. Мектепалды даярлық сыныптары аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 604 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығым, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына қосымша 2020 жылғы 12 мамырындағы №195 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) ,Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жоспарлары бекітілген.2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырлыған оқу қызметінің кестесі жалғанған.

   Бағаланатын кезең бойынша білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жоспарының көшірмелері жалғанды.
2. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Мектепалды сыныбының мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды. Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсат пен міндеттерге жеткен. Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

бағдарламасына» негізделген. Коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, балаларда қалыптастыру бойынша оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырған. Перспективалық жоспарды педагогтер оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың (өткен 2021-2022 оқу жылы бойынша) негізінде стандарт бойынша құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауда талапқа сай қарастырылған. Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзіреттілік танытқан. Циклограммада санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жасалып бекітілген. Циклограммада қабылдау, таңертеңгілік қабылдау, таңертеңгілік жаттығу, балалар әрекеттері т.б. міндеттер, мазмұны және ұзақтығы анықталған. Балалардың өз бетінше жұмыс жасауына заттық-дамытушы орта жасақталып, балаларға мүмкіндік жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Вариативтік компонент жоспары 2021-2022 оқу жылына құрылып күнделік кз электронды журналдын ҚББ –да орналасқан.

3. 2021-2022, 2022-2023,2023-2024 оқу жылындағы оқыту нәтижелерінде алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылған. Жеке даму карта әрбір балаға 5 білім беру саласы бойынша жасалған. Қортынды диагностика жасақталған.Әр баланың жеке даму картасы жалғанды.
4. ***Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының*** 1 қосымшасына сай мектепалды даярлық сыныптарынындағы тәрбиелеу мен оқыту процесінің негізгі міндеттері:

   1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

   2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

   3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

   4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу болып табылады.

   Жас топтарының толықтырылуы бойынша осы қағиданың 7 тармағының 5 тармақшасына сай жас ерекшелігі мектепалды даярлық сыныбында 5-жастағы балалар және сыныпта/топта 25 баладан артық емес жасақталған.
5. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру

жолдарымен жүзеге асырылуда. Бағаланатын кезеңге зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері жалғанды.

| **МАД тәрбиешілері** | **жетістіктері** | **Тәрбиеленушілер аты-жөні** | **жетістіктері** |
|---|---|---|---|
| Кашауова Сауле | Аудандық «Үздік кіріктірілген сабақ» 2022 жыл сәуір III орын | Ахатқызы Ақбота<br>Болат Қоныс | Аудандық «Білім жолымен» олимпиадасы 2022 жыл 1 орын<br>Республикалық «Қош келдің,алтын күз» байқауы 2021 жыл 1 орын |
| Бекмагамбетова Анар | | Қобыланқызы Зере 1 орын<br>Манарбек Айша 1 орын<br>Оңалбайқызы Аққербез 1 орын<br>Нұрболқызы Аяна 1 орын<br>Меңдіғали Айым 1 орын | Республикалық «Көктем аруы-2023» өнер байқауы |

1. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша мектепалды даярлық сыныптары тәрбиеленушілерінің даму мониторингісі уақытылы жасақталған. Бағаланатын кезеңге бастапқы және аралық, қорытынды мониторинг көшірмелері жалғанды.
2. Оқу жылының басында мектепалды даярлық сыныбы тәрбиеленушілеріне арнап балалардың дамуына және олардың денсаулықтарын нығайту мақсатында режимдік күн тәртібі жасақталды. Күн тәртібі режимі бойынша балаларды қабылдау, гигиеналық тазалықтар, топтық қарым-қатынас, үзілістерді тиімді пайдалану табиғат аясында серуендеуді ұйымдастыру т.б. жұмыстар жүргізіліп келеді.

   Мектепалды даярлық сыныптарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылуда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта құрылған. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында 28 ішкі және 10 сыртқы бейнекамералар

орналастырылған. Оның ішінде 2 камера – жедел басқару орталығына қосылған.

Жабдықтар мен жиһаздар бойынша МАД сыныбы тәрбиеленушілеріне жас ерекшелігіне сай қолжуғыш раковиналар және унитаздар орнатылған. Заттық-дамытушы ортаның балалардың танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту үшін үлкен маңызы бар. Топтардағы түрлі-түсті сөрелерде орналасқан дамытушы ойындар, сөжетті-рольді ойындар балаларға қолжетімді. Тәрбие мен оқытудың сапасын жақсарту үшін тиімді инновациялық әдіс-тәсілдер қолдану өте маңызды. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануда видеопроектор, теледидар қамтамасыз етілген. Балалардың бойында отанға деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерін қалыптастыру үшін рәміздер бұрышы, сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында бұрыштар жасалды.

3. ***Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар бойынша:*** 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2020 жылғы 1 мамырдағы №195 бұйрығы басшылыққа алынды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің аптадағы жалпы көлемі келесі: орта білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сыныбы (5- жастағы балалар) – ұзақтығы 25-30 минуттан 20 сағат болуы тиіс. Мектепалды даярлық сыныпта 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі үлгілік оқу жоспарына сай 20 сағат болса, жұмыс оқу жоспарында да 20 сағат қарастырылған. Қарастырылған барлық пәндер бойынша апталық және жылдық сағат нормасы сақталған.

4. **1–сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау;** Мектепалды даярлық бағдарламасын өткен тәрбиеленушілерді мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылады. Сонымен қатар мектептің мектепалды сыныптарын жинақтау тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

   Оқу жылы ішінде мектеп алды даярлық сыныбы тәрбиеленушілері жас тобына сай қабылдаған. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. Білім беру ұйымында топтарды жинақтау барысында балалардың жас ерекшелігі сақталған. Жыл сайын мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтармен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиісті білім, білік дағдылар көлемін және құзіреттіліктерді меңгеріп шығады.

   Жыл сайын білім ұйымында 2 мектепалды даярлық сыныбы жасақталып келді және әр сыныптағы тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметті тиісті қосымша бойынша жалғады.

5. Мектепалды даярлық сыныптарының тәрбиешілері туралы мәліметке талдау жасалса, 2 маман да жоғары білімді. С.Қашауованың 2 жоғары педагогикалық мамандығы бар. Бұл мамандар мектептің бағаланатын кезеңдері бойынша, яғни 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тұрақты қызмет атқарып келеді. Екі педагогте біліктіліктерін арттыру үшін, өтініштерін беріп, тест орталығының ашылуын күтуде.

| № | Аты-жөні | Білімі/Бітірген оқу орны | Диплом бой\ша мам\ғы | Біліктілігі тағайындылған жылы | Пед.өтілі | Курстан өтуі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қашауова Сәуле | Батыс Қазақстан инновациялық университеті 2016 ж | «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» | 1 санат 2018 жыл | 20 жыл | 2021жыл маусым |
| 2 | Бекмагамбетова Анар | Батыс Қазақстан инновациялық университеті 2016 ж | Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу | Санатсыз | 5 жыл | 2024жыл ақпан |

Бағаланатын кезеңге кәсіби қызметті жүзеге асыратын мамандардың дипломдарының көшірмелері қоса жалғанды.

Мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық карап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді.

6. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды дайындау кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптары орындалуы тиіс. Бағаланатын кезеңде мектепалды даярлық сыныптарында ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер болмады.
7. Баланың даму мониторингісін қамтамасыз ететін және оның дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері бар және бағаланатын кезеңге оқу жылы бойынша мектеп алды даярлық сыныптары тәрбиеленушілерінің даму карталары жалғанды.
8. Тәрбиеленушілердің дайындық денгейіне қойылатын талаптар бойынша:МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиіс, игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемі игерілуде. Жоспар бойынша оқу жылының басында «Мектеп және отбасы ынтымақ- тастығы» ата – аналар жиналысы болып, «Ата- аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес» кеңес беріліп, мектеп ережесі, мектеп алды даярлық сынып ерекшеліктері таныстырылды. «Армысың Алтын күз» атты ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналар ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысты. "Күз – жомарт" атты ертеңгілікте балалар ән айтып, би билеп, өлең шумақтарын

айтып, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді. «Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары», «Өз балаңызды жақсы білесің бе?», «Балалар – біздің болашағымыз», «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы», «Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысында кеңестер беріліп, өз ойларын білдіріп, пікір алмасты. Оқушылардың қатысумен «Қош келдің жаңа жыл!» тақырыбында мерекелік шара ұйымдастырылып, өз өнерлерін көрсетті. Әр түрлі ертегі кітаптар, балаларға арналған журналдармен қамтамасыз етіліп «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жасақталды.

**9. Қорытынды және ұсыныстар**

Бағаланатын кезеңдегі оқу жылдарында білім беру салаларының, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жұмыс жүргізілген және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы№ 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Қазақстан Республикасынын мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес білім беру қызметі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын» сақтап, жүзеге асырылуда. Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын жүзеге асыруда мектепке дейінгі баланың жеке дамуын бақылау үшін «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша стандартта көрсетілген деңгейлер бойынша бағаланған бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізіліп, бақылау парақтары, жиынтық есептері, даму карталары толтырылған. МАД тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғарғы жүктемесіне қойылатын талаптарға сәйкес. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беру саласы және ұйымдастырылған оқу қызметтері бойынша жас ерекшеліктеріне сай игеруге міндетті білім білік дағдылар мен құзіреттіліктер меңгерілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын Қазақстан жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын

бекіту туралы бұйрығы негізінде қажетті материалдарымен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтылған. Балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне қарай оқу-әдістемелік кешендер мен дидактикалық материалдар жинақталған (интерактивті құралдар, жеке жұмыс дәптерлері т.б.) Кедергісіз орта құру және білім алушылардың білім беру ұйымына физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім ұйымының кіре берісінде пандус жасалған, лифт, тактильді жолақтар, арнайы әжетхана, парта тб жабдықтармен қамтылған.

**Комиссия төрағасы:** ____________________ **Т.Идркенова**

**Комиссия төрағасының орынбасары:** ____________________ **Ғ.Ожаева**

**Комиссия мүшелері:** ____________________ **Ж. Тұрсынбаев**

____________________ **Б. Жанториева**

____________________ **Ж.Қарабалина**